

№01-1/018

31 тамыз 2026 жыл

Білім басқармалары
Білім бөлімдері
Мектеп және балабақша басшыларына

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Ұлт руханиятының ірі тұлғасы, ақын, жазушы, қоғам қайраткері Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығын насихаттау мақсатында Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 бұйрығына сәйкес «Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілері, мектепалды даярлық сыныптары және мектеп оқушылары арасында **Республикалық «Ілияс Жансүгіров оқулары»** атты шығармашылық байқауы өтетіндігін хабарлаймыз.

Байқауға қатысу үшін **жұмыстар 2026 жылғы 30 қыркүйекке дейін** қабылданады. Байқау **қорытындысы 7 қазан күні** жолданады.

Байқаудың өткізілу мақсаты:

Балалар мен жасөспірімдер арасында Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығын насихаттау; олардың шығармашылық қабілеттерін, әдеби-эстетикалық талғамдарын, табиғи дарындарын шыңдау; көркем сөзге, сурет пен қолөнерге деген құштарлығын арттыру; жас дарындарға қолдау көрсету, танымдарын кеңейтіп, өмірлік көзқарастарын қалыптастыру.

БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ

Байқауға: балабақша тәрбиеленушілері; мектепалды даярлық сыныптары оқушылары; 1-11 сынып оқушылары қатыса алады.

Байқауға қатысу шарттары

- Байқауға қатысу **ерікті түрде** жүргізіледі.
- Байқауға төмендегі төрт номинацияның бірін таңдап қатысуға болады (бір қатысушы бір номинацияға ғана қатыса алады және бір қатысушы бір жұмыс қана жібереді):

1) «Жансүгіров жырлары» номинациясы бойынша қатысушылар ақынның бір өлеңін жатқа айтуы керек. Балабақша тәрбиеленушілері, МАД және бастауыш сыныптар үшін 1-2 шумақ, 5-7 сынып оқушылары 3-4 шумақ; 8-11 сынып оқушылары 4 шумақтан жоғары өлең жаттаулары қажет. Өлеңді жатқа оқып видеоға түсіріп жолдау шарт.

мт - 2026 - 03915566
08. 08. 2026 ж.

2) «Илиясты оқы, ойыңды тоқы» номинациясы бойынша ақынның поэмаларынан үзінді жатқа айту. Қатысушылар поэмадан үзінді жатқа айтқан видеоларын жолдайды.

3) «Жансүгіровке арнау» номинациясы бойынша мектеп оқушылары арасындағы жас ақындар І.Жансүгіровке арналған өздерінің жүрекжарды арнауларын оқиды. Арнау өлеңдерін видеоға оқып жолдауға болады немесе Word/PDF форматта жіберуге болады.

4) «Шығармашылық өрнек» номинациясы бойынша қатысушылар І.Жансүгіров шығармашылығы бойынша сурет немесе қолөнер жұмысын ұсынады. Бұл номинация аясында дайын жұмыстар сапалы фотоға түсіріліп немесе сканерленіп жолдануы қажет.

- Жіберілген жұмыстар әділқазы алқасы мүшелері тарапынан тексеріліп, І, ІІ, ІІІ дәрежелі жүлделі орындармен марапатталады. Жұмыстар қатысушылардың жалпы дайындығына, жаттауына, мәнеріне, даусына, шығармашылық сапасына қарай бағаланады. Қатысушы дайындаған жетекшілерге алғыс хат беріледі. 5 оқушыдан дайындаған жетекшілер арнайы құрмет грамотасымен марапатталады.

Дипломдар, алғыс хаттар және құрмет грамоталарын жүктеп алатын сілтеме 7 қазан күні қатысушыларға жолданады. Барлық марапаттар электронды форматта беріледі.

Жұмыстарды қабылдау тәртібі:

Жұмыстар 30 қыркүйекке дейін онлайн түрде электронды нұсқада қабылданады.

Қатысушылар өз жұмыстарын екі түрлі жолмен жібере алады:

- Электронды почта арқылы ilyasokulary@mail.ru почтасына;
- WhatsApp арқылы: +7 7767027032 номеріне.

Байқауға жұмыс жіберу барысында **жұмыспен бірге мына ақпарат толық жазылуы керек:** қатысушының толық аты-жөні, жетекшінің аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, қай өңірден (қала, облыс, аудан, ауыл) қатысып отырғаны туралы ақпарат және жетекшінің байланыс телефоны. *Ақпарат толық әрі қатесіз берілуі тиіс, қате жолданған мәлімет үшін ұйымдастырушыларға жауапкершілік жүктелмейді.*

- Байқауға қатысу жарнасы **700 (жеті жүз) теңге.**

Төлем жасау үшін WhatsApp нөміріне +7 776 702 7032 жазып, төлем сілтемесін алуға болады (жұмысты жіберу барысында төлем квитанциясы қоса жолдануы қажет).

Барлық сұрақтар бойынша WhatsApp нөміріне +7 776 702 7032 жазу арқылы жауап алуға болады.

Жұмыс уақыты: 10:00 - 18:00 (Жексенбі – демалыс).

Сұрақтарға жұмыс уақытында кезекпен жауап беріледі.

Ұйым директоры



Төребекқызы Л.